

• АКАДЕМИК О.ЖӘУТІКОВТИҢ ТУҒАНЫНА-100 ЖЫЛ

Орымбек Жәутіков сонау патшалық Ресейдің қазақ жеріне көше-қоныстанып, қыспаққа алған қысылтаяң кезеңінің 1911 жылы Қарқаралы уезінің, Қызыларай ауылында (қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында) дүниеге келіпті.

Ақтардың атойлап жайпап, қызылдардың қыра жаулаған уағында балалық балдәуреннің қызығын көрмеген 9 жасар жасөскін алғашқы білімді ауылдан алып, хат таниды. Ауыл біліміне тұшымаған жас Қарқаралыда оқып, орта білімдік аттестатқа ие болды. Сосын Алматыдағы Абай атындағы ҚазПИ-ге түсіп, оның физика-математика факультетін 1934 жылы бітіреді. Ұзаққа шабар жүйрікті сынай білер сыншы, оны бітім-мүсінінен ерте танып, жасынан баптары белгілі. Студент кезінен келелі ісі, берік білімі, ғылым-ілімдегі ізденісімен институт басшыларының назарына ерте іліккен жігерлі де еңбекқор жас өзі бітірген оқу орнына ассистенттік қызметке қалады. Физика-математика факультетінің аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі, одан институттың ғылыми-оқу ісі жөніндегі проректоры лауазымында жұмыс атқарған.

Орымбек Ахметбекұлы өзінің ғылыми жаңалықтарымен математика, физика, тіпті техника салаларының дамуына айтарлық үлесін қосып, кешегі Қазақ КСР-ы, КСРО-да даналығымен, өсіресе, математикадағы дифференциалдық теңдеулерді талдаудағы дара жаңалығымен талай ғұламалардың қоштауы мен құрметіне ие болған академик. Иә, алыстағы ауыл баласының сан мыңдаған студенттің бірі болып, жүздеген жоғарғы оқу орнында дәріс берушінің қатарына кіріп, ғылыми атақтардың асқар шыңына шығып, академик атануы осы жолда еңбек еткен мыңның бірінің ғана жетер жетістігі десе қателеспеспін. Сол шыңның ұшан басына шығу жолында Орымбек ағаға қаншама кітаптар мен оқулықтарды парақтап, қаншама теоремалар мен аксиомаларды зерттеп, формулалар мен ережелерді дәлелдеп, сан мыңдаған жаттығулар мен есептерді шығаруы қажет болғандығы белгілі. Ғапмат еңбек. Сонысына сай тамаша ғұламалық атақ.

Қызмет жолында

1945 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясын ашу туралы мәселе көтеріліп, Қазақстанның басқа ғалымдарымен бірге жаңа Академияның құрылымы мен штатын бекіту делегациясының құрамында О.Жәутіков те Мәскеуге барады. Ол жаңа ғылым Академиясының құрамында «Математика және механика» секторы болуы қажет деген ұсыныс жасайды. Бірқатар академиктердің қолдауымен сектор жұмысын 1945 жылы бастайды. Академик аға әуелі Қазақ КСР-ының Ғылым Академиясының аға ғылыми қызметкері, 1951 жылдан аталмыш секторының меңгерушісі болады. Осы қызмет уақытында, өзінің 50 жастық мерейтойы қарсаңында ғалымның қазақ тілінде жоғары оқу орнына арналған екі бөлімнен тұратын оқу құралдары (1950ж., 1952ж.), атақты орыс математиктері туралы очерктері (1956ж.), «Ауызша есептеуден математикалық машинаға дейін» кітабы (1959ж.), тағы да басқа шығармалары, ғылыми зерттеулері мен ізденіс іріктемелерінің нәтижелері баспа бетінде жиі жарық көре бастайды.


Докторлық ғылыми диссертациясын қорғап (1961ж.), атағы

артқан, беделі бекіген, республика мен одақ ғалымдарының ортасында дәрежесі көтеріліп, дарабоз ғалымдармен терезесі теңейген Орымбек Ахметбекұлы 1965 жылы

орталықтарында, Алматыда физика-математикалық сыныптар ашу жөніндегі ойларын мұғалімдер бас қосқан жиындар мен ғылыми конференцияларда, оқу министрлігінің

тақта қойылды.

2006 жылдан бастап О.Жәутіков атындағы физика-математика мектебінің базасында мектеп директоры, «Физмат»



өзі басқарған сектор базасында «Математика және механика» институтының құрылуына бас болып, оның жұмысын жандандыра түседі. Осы жылдарда академиктің, ықылым заманнан Одақ кезіне дейінгі математика ғылымының дамуын жан-жақты зерттеген таңдамалы шығармалары: «КСРО математикасына 40 жыл», «КСРО математикасына 50 жыл», «КСРО механикасына 50 жыл», «Мемлекетіміздегі математика тарихы» еңбектерінің 5 томдығы және «Математик-ғалымдардың өмірлері туралы сөздік» жарық көреді.

1969-1985 жылдары ғалым ҚазКСР-ы ҒА-ның физика-математика бөлімінің академик-хатшысы лауазымында қызмет атқарып, оның Президиумының толық мүшесі болған. Көптеген жылдар бойы академияның біріккен ғылыми кеңесін және кандидаттық диссертациялар қорғаудың арнайы кеңесін басқарған. Физика-математика бөлімі жанындағы математикалық проблемалық кеңестің төрағасы, «Математика және механика» институты жанындағы тұрақты түрде өтетін әдістемелік семинардың төрағасы және республикалық «Білім» қоғамы жанындағы ғылыми-әдістемелік кеңестің төрағалық міндетін қоса атқарған. Осынша жауапкершілікті қоса атқарған қайратты жан еді.

Орымбек Ахметбекұлы ғылым жолындағы қызметі кезінде 60-тан астам азаматтардың кандидаттық және докторлық диссертацияларының қорғалуына оппонент болған.

Қаламгер ғалым «Дифференциалдық теңдеулер және оларды қолдану», «Функциональдық анализ және математикалық физика» жинақтарының редакторы, «ҚазКСР-ы ҒА-ның Хабары. Физика-математика тараулары» журналының редакциялық алқа мүшесі, кейіннен бас редактордың орынбасары. Сонымен қатар, өзінің жеке редакциялық басшылығымен бірнеше монографиялар шығарды. Баспа беттерінде 200-ден астам авторефераттары, ғылыми мақалалары басылып, көпшілікке жол тартқан.

Жастардың жақтасы

Ғалымның қайраткерлігін көрсететін тағы бір қырына талапты жастарды ғылым саласына тартып, қазақ балаларын білім мен ғылымға баулығанын айтуға болар. Ел болашағы жастардың, оның ішінде, білімділердің қолында екеніне мән берген ол қазақ балаларын білімге ерте араластыруды ҚазПИ-дегі оқытушылық кезінен бастап армандаған. Әр облыс

алқасында жиі көтерген кездері болыпты. «Ол арманым министрлікке балалар болашағын шын тұрғыда ойлайтын Самархан Егізбаев сынды азамат келгенде іске аса бастады» деген ризашылықпен қуана айтқан сөзін естіген болатынмын.

1972 жылы Алматыда физика-математика мектебінің есігі айқара ашылды. Біртіндеп облыс орталықтарында да осындай арнайы мектептер қатары көбейді. Осы уақыттан бастап дарынды азамат математика-техника және физика-механика саласындағы ғылыми жетістіктер мен мектеп оқушыларының осы бағыттағы білімдеріне баса зер салып, зерттеулер ұйымдастырған. Зерттеу мен талдау нәтижесінде Алматы қаласынан Кіші ғылым академиясының қажеттілігін анықтап, оны құрып, жұмысын жандандыруға бар ынтасын салып, күш-қуатын сала кіріскен болатын. Еңбек жолын жоғары оқу орындарында бастаған ұстаз, кейінгі ондаған жылдар бойы мұғалімдер, әдіскерлермен тығыз байланыста тәжірибе алмастырған.

Өзінің қаламгерлігі, ғұлама ғалымдығымен, қажымас қайраткерлігі және азаматтығымен көпке танылған асқар аға бұл фәнидегі адами борышын ақтады. 1989 жылы бақилық жалғанның табалдырығын аттады. Ғасыр ғұламасының бірі өзінің аңсаған арманына, көксеген мақсатына жетті десем болады. Артында атқарылған анық та айғақ, баянды ісі қалды, адасқанға жол сілтерлік ұстаздық ұлағатты ізі қалды.

Еленген еңбек

Ардақты ардагер елеулі еңбегіне сай елінің құрметіне ие болды. Қазақ КСР-і ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Октябрь революциясы» және екі мәрте «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Қазақ КСР-іне Еңбегі сіңген ғылым қайраткері, КСРО білім беру ісінің үздігі және көптеген медальдар мен Құрмет грамоталарының иесі. Орымбек Ахметбекұлы Жәутіковтің есімін мәңгі сақтау үшін 1990 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің (14.02.1990ж., №55) қаулысымен: Алматыдағы физика-математика мектебіне және Қарағанды облысы Қарқаралы қаласындағы №1 мектепке О.Жәутіковтің есімі берілді; Алматыдағы С.Киров атындағы ҚазМУ (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) мен Абай атындағы ҚазПИ-дің (қазір ҚазҰПУ) үздік студенттеріне ай сайын төленетін «О.Жәутіков атындағы стипендия» тағайындалды. Сонымен қатар, Алматыда ғалым тұрған үйге ескерткіш



журналының бас редакторы К.Мақышовтың игі ниетінен бастау алған О.Жәутіков атындағы халықаралық олимпиада етуде. Математика, физика және информатика пәндерінен ететін дәстүрлі олимпиада ғалым есімін өлемге әйгілі етуде. Быыл 7 рет өткен білім сайысына 15 мемлекеттен 50 сайыскерлер тобы қатысты. Еліміздің дарынды оқушылары өдеттегідей жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ғалымның 100 жылдық мерейтойын алғаш өткізуші де осы мектеп.

Кемеңгер ғалымның: «Қазақ халқы - талантты халық. Біз математика мен механикадан дүниеге жетіп, ғалымдарының назарын аударуға тиіспіз», - деген асқақ аманатын, ел болашағы - келешек жас ұрпақтар өз өміріне арқау етеріне сеніміміз мол.

Математика саласындағы алғашқы академиктің ерен еңбегін, жеткен жетістіктерін жас буын санасына ертерек сіңірсек, ғалым есімін мәңгілеріміз сезсіз. Ендеше, еліміздің егемендік мерейінің 20 жылдық қуанышымен қатар келіп отырған абзал азаматымыздың 100 жылдығында туған жері - Ақтоғайда, өсіп - білім алған аймағы - Қарқаралы мен Қарағандыда, еңбек еткен тұрағы - Алматыда, еліміздің орталығы - Астанада көлемді де келелі істер басталып, еліміздің басқа өңірлерінде өнегелі шаралар қолдау тапса екен деген тілегім бар. Асылын ардақтайтын ауыл халқы мен данасын даралар қала тұрғыны да мұндай шараны қуана қоштары анық.

**Тілеуғалы ӘМІРТАЙҰЛЫ,
Ы.Алтынсарин медалінің иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**